


**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**  
1 апта ( 28 –02 қазан 2020 жыл )

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: 

Аманшеева А.Ж

Өтпелі тақырып «Менің мектебім»

Тәрбиеші: Бурунбаева М.Ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дидактикалық ойын: «Кім тез жинайды.» Ойын мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	Ойын: «Қоянға көмектес.» Ойын мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.	Сюжеттік рөлді ойын «Банк» Мақсаты: Рөлді таңдап, рөлге сәйкес әрекет ету, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру. Ойында әлеуметтік ақиқат оқиғаларын көрсету, балалардың бақылаудың, саяхаттың және ересектер мен қарым-қатынастарының барысында көргендерін ойында ауыстыру.	Дидактикалық ойын: «Пішінді құрастыр.» Ойын мақсаты: Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту	Дидактикалық ойын «Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1. Сауат ашу: Тақырыбы: Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сөз/сөйлем сызбасын оқу. <i>Шаттық шеңбері</i> Қуанамын мен де, қуанасын сен де, Қуанайық, достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін, Бәріне сәттілік тілеймін! Педагог балалардан өздерінің сүйікті тақпағын айтуды сұрайды. – Айтқан тақпағың екінші адамға түсінікті болу үшін қалай айту керек? Балалар өздерінің айтқан тақпақтарының	1. Математика негіздері 1.Тақырыбы: Анама көмектесемін. 5-ке дейін санаймын. Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. <i>шаттық шеңбері.</i> –Үйдегі қандай жұмыс түрлерін білесіңдер? –Аналарына қалай көмектесесіңдер?–деп сұрайды. Туындаған мәселені шешу үшін, балаларға 1-ден 5-ке дейін санаған кезде сандардың арту тәртібімен әр затқа бір цифрды сәйкестендіріп қойып 5 көлемінде заттарды, дыбыстарды, қозғалыстарды санау ұсынылады дыбыстарды, қозғалыстарды санау ұсынылады. Балалар 1-тапсырмадағы цифрларды заттардың санына сәйкестендіре отырып сызып қосады. Сергіту сәті. Педагогтің қалауы	1. Сауат ашу. 2. Тақырыбы: Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықта. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу Педагог балалардан тақпағын айтуды сұрайды. – Айтқан тақпағың екінші адамға түсінікті болу үшін қалай айту керек? Балалар өздерінің айтқан тақпақтарының мағынасы не туралы екенін айтады. Балалардың айтқан тақпақтарының мазмұны бойынша балалар тақпақта адам, жануарлар, өсімдіктер, табиғат т.б. заттар туралы айтылатынын біледі. 1-тапсырма. Суретке қарап отырып, педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап беру. Сурет бойынша тақырыптың тәрбиелік мәнін,	1. Құрастыру Тақырыбы:Менің ынтымақты отбасым. Мақсаты:Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау. Отбасы туралы көркем шығарма оқу: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санаймыз екеуіміз. Бас бармағым – папам, Балаң үйрек – мамам, Ортан үйрек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Саусақтарын жұмып-ашып отырып бірге айтады. Отбасы мүшелері туралы әңгімелеседі. Әліппе-дәптердегі өлеңді жаттап алындар. <i>Әліппе-дәптермен жұмыс.</i> Суреттегі отбасы мүшелерінің қалай жасалғанын зерттеп, ойланындар. Алдыларыңдағы заттардан осындай бейнелер жасау үшін қажетті заттарды таңдап алындар.	1. Өзін-өзі тану: Тақырыбы:«Мен және менің отбасым» Мақсаты: «Отбасы» құндылығының маңыздылығын ашу I. Шаттық шеңбері. Қуат алған өзіннен, Ата-ананың ұлымын. Бақытты етіп өсірген, Отбасымның гүлімін. Отбасы» аялдамасы Сұрақтар қойылады III. «Жаңа» өлеңін оқу. А. Асылбек Өлеңді оқиды Өлең бойынша сұрақтар қойылады Мазмұнын айтқызу. IV. Дәйексөз « Адамға ең қымбат-отбасы» Деген халық даналығын дәйексөз ретінде түсіндіреді V. Сергіту сәті VI. Дәптермен жұмыс Тапсырмаларды

<p>мағынасы не туралы екенін айтады. Балалардың айтқан тақпақтарының мазмұны бойынша балалар тақпақта адам, жануарлар, өсімдіктер, табиғат т.б. заттар туралы айтылатынын біледі</p> <p><b>1-тапсырма.</b> Суретке қарап отырып, педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап беру. Сурет бойынша тақырыптың тәрбиелік мәнін, мазмұнын ашуға көңіл бөлу керек.</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Бақыт Исаеваның«Жаңа тақпақ» өлеңін жаттау –Тақпақ не туралы? –Тақпақты кім айтты? Балалар тақпақ ішінен бір буынды сөзді тауып айту керек (мен). Буынның сызбасымен таныстыру. Сөздің ішінде неше дауысты дыбыс барын анықтайды Мен тақпақты қашан жаттадым? Екі буынды сызбаға сәйкес келетін сөзді тақпақ ішінен тауып айтып, сұраққа жауап беру (кеше). Сөздің ішінде екі дауысты дыбыс барын анықтайды Мен тақпақты қашан жаттадым? Екі буынды сызбаға сәйкес келетін сөзді тақпақ ішінен тауып айтып, сұраққа жауап беру (кеше). Сөздің ішінде екі дауысты дыбыс барын анықтайды Мен тақпақты қашан жаттадым? Екі буынды сызбаға сәйкес келетін сөзді тақпақ ішінен тауып айтып, сұраққа жауап беру (кеше). Сөздің ішінде екі дауысты дыбыс барын анықтайды Мен тақпақты қашан жаттадым? Екі буынды сызбаға сәйкес келетін сөзді тақпақ ішінен тауып айтып, сұраққа жауап беру (кеше). Сөздің ішінде екі дауысты дыбыс барын анықтайды Мен тақпақты қашан жаттадым? Екі буынды сызбаға сәйкес келетін сөзді тақпақ ішінен тауып айтып, сұраққа жауап беру (кеше).</p>	<p>бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.)</p> <p>2-тапсырманы өз бетінше саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін орындайды. Педагог анаға көмек туралы лексикалық тақырыпты жалғастырады, яғни тәрелкелердегі жемістерді санауды ұсынады 3-тапсырмада балалар тәрелкедегі заттардың санына сәйкес келетін цифрларды жапсырады. Балаларға әліппе-дәптердегі 4-тапсырмада жазылған цифрларды саусақпен жүргізіп, олардың көру бейнесін тактильді түрде бекіту үшін оларды ермексаздан жасау ұсынылады Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады</p> <p><b>2.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бақытты отбасы.  <b>Мақсаты:</b>Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау.  <b>Шаттық шеңбері.</b>  Атамнан басталар, Әжеммен қосталар Отбасы мыналар:  Ең жақын адамдар  Әке мен анам бар,  Бір туған апам бар,  Бәрін жақсы көремін,  Еркелеймін еремін. Әр адамның өз отбасы болады. Олар кез келген істі бірігіп атқарады, бір біріне көмектеседі. Отбасында біз үлкендерді сыйлауға, кішілерге көмек көрсетуге, оларға қамқор болуға үйренеміз.  <b>1-тапсырма.</b> Сурет бойынша әңгіме құра.  1. Анасы не істеп тұр?  2. Әкесі қандай жұмыспен айналысып жатыр?</p>	<p>мазмұнын ашуға көңіл бөлу керек.</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Бақыт Исаеваның«Жаңа тақпақ» өлеңін жаттау –Тақпақ не туралы? –Тақпақты кім айтты? Балалар тақпақ ішінен бір буынды сөзді тауып айту керек (мен). Буынның сызбасымен таныстыру. Сөздің ішінде неше дауысты дыбыс барын анықтайды Мен тақпақты қашан жаттадым? Екі буынды сызбаға сәйкес келетін сөзді тақпақ ішінен тауып айтып, сұраққа жауап беру (кеше). Сөздің ішінде екі дауысты дыбыс барын айтады. Осындай жұмыстар арқылы педагог буын саны сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың санына байланысты екені қорытындылап айтуға жетелейді. Балалар өздері айтқан тақпақтарының ішінен де жеңіл сөздерді буынға бөліп айтады. Балалардың бәрі білетін жеңіл буындардан тұратын тақпақты толық буынға бөліп, әндетіп айтқызуға болады. Осындай жұмыстардан кейін педагог сөздердің буынға бөлінетіндігін айтады <i>Сергіту сәті</i></p> <p><b>4-тапсырма.</b> Балалардан үйде тақпақ жаттауға кім көмектесетінін сұрау. Олардың өзіне тақпақты тез жаттап алу үшін қандай тәсілдер қолданатынын айтады. Суретті мұқият қарап, балалар өздеріне тақпақ жаттауға көмектесетін адамның суретін табады. Атасы, әжесі немесе анасы т.б. Оның кім екенін атайды. Бейнесін батырып сызады. <i>Ама, әже, ана</i> сөздерін кітапта берілген белгі бойынша буынға бөліп айтады. Педагог берілген жазу элементтерін қалай бастап, қалай аяқтау керек екенін ауада жазып көрсетеді. Балалар да ауада жазып жаттығады. Жазу жазған кезде дұрыс отыру,</p>	<p>Олар не үшін керек, оларды кім қолданатынын есіңе түсір. Қасық – тамақ ішу үшін.  Мата – киім тігу үшін.  Қағаз – түрлі бет-бейне немесе сурет салу үшін.  Қайшы – қағазды, матаны қию үшін.  Жіп – байлау үшін.  Фломастер немесе қарындаш – сурет салуға, адамдардың бет әлпетін жасау үшін. Алдымен пластмасса қасықтың үлкені немесе кішісін таңдап алыңдар, оның бойына қарай отырып отбасы мүшесінен кімді жасайтыныңды ойлан. Отбасы мүшелерін жасау үшін бізге бірқатар қалдық заттар мен желім қажет және оны төмендегідей ретпен орындаймыз: 1. Дене бөліктерінің орналасуына назар аударыңдар, қасық – денесі болады.  2. Матадан көйлегін жасауға болады.  3. Матаны қасықтың сабына кигізіп, оның жоғарғы жақ бөлігінен жіппен байлап қоямыз.  4. Қасықтың басына адамның бет әлпетін фломастермен саламыз.  5. Қағаздан жіңішке жолақ қиып алып немесе қиылған жіптерден шапшартын жапсырамыз. Желіммен жұмыс істегенде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін ойланыңдар  <i>Сергіту сәті:</i>  Мынау – менің отбасым,  Танысыңдар, достарым. Мынау– әкем, бұл– шешем,  Інім, әпкем және мен.  Менің халім тамаша,  Сіздікі де тамаша!  Сенің халің жақсы ма?  Оның халі жақсы ма?  Барлығы да тамаша!  Балалар өз бетінше жұмыс істейдісонымен бірге өз отбасының</p>	<p>түсіндіріп, орындауын сұрайды Бүгін сабақта біз отбасымызды жақсы көруге, отбасындағы адамдарды сыйлауға, көмектесуге үйрендік. Отбасы бізді жақсылыққа, әдептілікке үйрететінін білдік</p> <p><b>2. Музыка</b>  <b>1. Тақырыбы:«Отбасым бақытым»</b>  <b>Мақсаты:</b>Тыңдалған музыкалық шығармадағы қарқынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары – «құс»), орташа–«қоян», төмен–«аяу» ).  <b>Тыңдау:</b> «Бесік жыры». (И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев)  <b>Ән айту.</b> «Әже тілегі» (Т.Қоныратбай)  <b>Аспапта ойнау.</b> «Қандай аспап?» (Б.Дәлденбай)</p> <p><b>3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Дене бітімі дегеніміз не?  <b>Мақсаты:</b> Адамның дене құрылысын білу  Кел, балалар, кел бері,  Қыздырайық денені.  Орнымызда тұрып-ақ,  Жүгрейік бір уақ:  Бір, екі, үш! Бір, екі, үш!  Екпіндей түс!  Аяқты алға созайық,  Тік көтеріп, қозғайық.  Тым сылбыр да болмайық,  Алға және озбайық.  Неліктен адамның денсаулығы мен көңіл күйіне жаттығуды орындау маңызды? Ненің әсерінен адамның денесі мықты, икемді, сымбатты</p>
---	--	---	---	--

<p>жеңіл сөздерді буынға бөліп айтады.</p> <p>Балалардың бәрі білетін жеңіл буындардан тұратын тақпақты толық буынға бөліп, әндетіп айтқызуға болады. Осындай жұмыстардан кейін педагог сөздердің буынға бөлінетіндігін айтады.</p> <p><i>Serгіту сәті</i></p> <p>Топ-топ басайық, Жаттығулар жасайық. Қайырымды жан болып, Жамандықтан қашайық. Ұшқандай боп кекілік, Биік-биік секіріп, Ойнап-ойнап, тез өсіп, Кетеміз біз жетіліп.</p> <p><b>3-тапсырма.</b> Суретте берілген жануарлардың аттарын айтады. Өзінің сүйікті жануары туралы әңгімелейді.</p> <p>– Суреттегі жануарлардың қайсысы туралы тақпақ білесің? – Жануарлардың атын сөз сызбасына сәйкестендіріп айт.</p> <p>– Қай жануардың атауы көп буыннан тұрады? Педагог оқу қызметін қорытындылап, балаларды мадақтайды.</p> <p><b>2. Музыка</b></p> <p><b>1. Тақырыбы:</b> «Отбасым бақытым»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тындалған музыкалық шығармадағы қарқынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары – «құс»), орташа – «қоян»), төмен – «аю» ).</p>	<p>3. Атасы мен әжесі не істеп отыр?</p> <p>4. Бөлмеде тағы кім бар?</p> <p>5. Бұлар қандай отбасы деп ойлайсыңдар?</p> <p>– Сенің ата-анаңның аты-жөні кім? – Олар қайда және кім болып жұмыс істейді?</p> <p>– Сен үйде анаңа қалай көмектесесің?</p> <p>– Үлкен аға, әпкелеріңнің тілін аласың ба?</p> <p>– Іні-қарындастарыңа қалай қамқорлық көрсетесің?</p> <p>– Сен отбасындағы адамдарды қалай қуантасың?</p> <p>– Сенің әжең, атаң ертегі, әңгіме, аңыз айтып бере ме?</p> <p>– Педагог балалардың пікірлерін, жауаптарын жинақтап толықтырады. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Ол қандай?»</p> <p><i>Шарты:</i> Педагог бір балаға допты лақтырады да, сұрақ қояды. Допты алған бала сұраққа жауап беріп, допты қайта лақтырады.</p> <p>– Сенің әкең қандай? (Мықты, еңбекқор, батыл, мейірімді, кішіпейіл)</p> <p>– Сенің анаң қандай? (Мейірімді, ақылды, көңілді,</p> <p>әдемі) – Сенің атаң қандай? (Ақкөңіл, дана, мейірімді)</p> <p>– Сенің әжең қандай? (Сабырлы, қамқор т.б)</p> <p>– Балалар, әжеміз, атамыз, анамыз, әкеміз тіпті аға-әпкелеріміз сендерді «Күнім, айым, жұлдызым, құлыным!» - деп ғажап нәрселерге теңеп еркелетеді. <b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Керілеміз, созыламыз, Терең алып тынысты. Оңға бір, солға бір, Жалғаймыз біз жұмысты.</p> <p><b>Жаңылтпаштан жаңылмайық:</b></p> <p>Уықтардың барлығын Уыққапқа сал, күнім.</p>	<p>қарындашты дұрыс ұстау ережесін еске түсіреді Педагог оқу қызметін қорытындылап, балаларды мадақтайды.</p> <p><b>2. Дене шынықтыру.</b></p> <p><b>1. Тақырыбы:</b> Біз – ортақ бір отбасы</p> <p><b>(негізгі қимылдар)</b></p> <p>Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта тұзу жүру түрлерін орындау Балаларға шеңбер құрып, жаттығу орындау үшін алақандарын біріктіру ұсынылады. «Қолымызды біріктіріп бәріміз біртұтас, бір отбасымыз деп елестетейік. Бәріміз бірге демімізді ішке тартамыз және сыртқа шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің қалай соғатынын тыңдайық. Түк – алға қадам аттау, түк – бір қадам артқа (3 рет)»</p> <p>Жетондарды пайдалана отырып жаттығу жасауды бақылауды ұсынады. Бір-бірінің артына біреуден тізбекке тұрып жүру. Екі қатардан сапқа тізіліп тұру. Гантельдермен орындалатын ЖДЖ.</p> <p>Баяу қарқынмен жүгіру – екі минут.</p> <p>Нұсқау: иықты бос ұстап, ырғақты, бірқалыпты жүгіру. Қол қимылын қалыпты үйлестіруге назар аударады. Зал ішінде айналып жүріп жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы туралы балаларға ескертеді, қажет жағдайда сақтандыру шаралары сақталады.</p> <p><b>Гимнастикалық сатымен өрмелеу</b></p> <p>Саты тақтайшаларын дұрыс ұстауға, қауіпсіздік техникасына көңіл бөлінеді. Дұрыс ұстау – тақтайшаның сыртқы қырынан ұстағанда төрт саусақ жоғарыда, бас бармақ төменде болады. Нұсқау – қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру, тақтайшаларды қалдырмау, сатыдан секірмеу. <b>тепе-теңдік</b> – алға адымдай отырып бір аяқпен секіру,</p>	<p>адамдарын бейнелеуге тырысады. Атасын, әжесін, әкесін немесе анасын, ағасын, қарындасын, досын т.б. Тәрбиеленушілердің дайын жұмыстарын таныстыру. Олар өздерінің «Тату отбасы» мүшелерін жасап, әңгімелеп айтып береді</p> <p><b>2. Апликация</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Әжемнің сандығы</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қуыршақтар мен ойыншықтарға арнап ұлттық бұйымдарды, сондай-ақ қазақ ою-өрнектерінің желісімен балалардың ойдан шығаруы/үлгіқалып бойынша түрлі бұйымдарды, ұжымдық панноларды сәндеу</p> <p>Төбелерден секіріп, Жүріп шарбақ бойымен, Күн таңертең жарқырап: Жеміс бағына қарай өтті, Өзен үстінен жанай өтті, Жаңа, балғын жапырақты, Жылы қолымен сипай өтті. Күнмен бірге көзін ашты, Құстар, шөптер, гүлдер, Бәрі Күнге күлімдеді, Біз де Күнге күлімдейік! Педагог балаларға өлеңнен үзінді оқиды: Әжемнің бар үйінде, Бір сиқырлы сандығы. Сол сандықта не барын Қалай білсем болады? Алтын-күміс болмаса, Қандай мүлік жиналған? Сандықты әжем ашпақшы, Қызығын оның көруге Жиналды қыздар ынтыға... Педагог тәрбиеленушілердің болжамдарын тыңдайды. Алдағы әрекетке жұмылдырады Әженің сандығын ұлттық ою-өрнектердің элементтерімен сәндеуді ұсынады.</p> <p><b>саусақтарға арналған жаттығу.</b></p> <p><b>«Кім келді?»</b></p> <p>Кім келді? (<i>Бас бармақтар</i></p>	<p>болады? Дене бітімі дегеніміз не? Неліктен ерте жастан бастап өзінің дене бітімін қадағалау маңызды? Педагог балаларға сәнқой рөліне еніп, достарының алдында подиумда жүргендей сезінуді ұсынады.</p> <p>Балалар өз еріктерімен шығып, бірінен соң бірі дене бітімін және жүру мәнерін, яғни жүрісін көрсетеді, тапсырманы орындаған уақыттағы өздерінің алған әсерлерін талқылап, кімде «сәнқой» рөлі сәтті шыққанын анықтайды арқасын тік ұстап, иығын жазып, жүзінде күлкі үйірілген, жеңіл қозғалатын қызға қарасаң, көзің тояды.</p> <p>Егер дене бітімі мен жүрісі жақсы болса, ұлдар сымбатты әрі қайратты көрінеді. <b>педагог ақпараты:</b> Сымбат – адамның отырғандағы және жүргендегі қалыпты дене бітімі Адамның денесі қалай құрылған, денеге арқасын тік ұстап, түрлі қозғалыстар жасау үшін не көмектеседі?</p> <p><b>тәжірибе:</b> Педагог балаларға медициналық қолғап таратып, бұл адам денесі деп елестетуді сұрайды және қолғаптан жасалған адамды үстел үстіне қоюды ұсынады.</p> <p>Қолғап тік тұрмай, құлай береді. Педагог қолғапты қолдарына киюді ұсынады, сонда ол өз пішінін сақтап, құламайды. Егер адамда осындай мықты сүйек болмаса, онда ол қолғап</p>
--	--	---	--	--

<p><b>Тыңдау:</b> «Бесік жыры». (И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев) <b>Ән айту.</b> «Әже тілегі» (Т.Қоңыратбай) <b>Аспапта ойнау.</b> «Қандай аспап?» (Б.Дәлденбай)</p> <p><b>3. Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Табиғат деген не? «Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі» <b>Мақсаты:</b> Күнделікті өмірдегі табиғат туралы білімнің маңыздылығын түсіндіру. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесімен таныстыру. Миға шабуыл. Табиғат дегеніміз не? Неше жыл мезгілі бар? Жапырақтардың түсі қандай болады? Жыл мезгілдерінің айырмашылығы неде? Қазір жылдың қай мезгілі? «Жыл мезгілдері» бейнеролигін көрсету. Бейнеролик бойынша сұрақтар қою. Неше жыл мезгілі бар? Жыл мезгілінің ерекшеліктері қандай? Жыл мезгіліне сәйкес адамдар қалай киінеді? Қандай өзгерістер болады? Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруға тапсырма беру. Топпен саяхатқа шығу. Табиғаттағы ағаштарға назарларын аудару. Ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін</p>	<p>Уыққапқа салған соң, Уыздан жеп ал, күнім. <b>2-тапсырма.</b> Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта». Менің отбасым ... Менің атам ... Менің әжем ... Менің әкем ... <b>3-тапсырма.</b> Мақалдың мағынасын түсініп ал. Мақалдың мазмұнын талдау. Ана алдында - құрмет, Ата алдында - қызмет. Педагог мақалды қайталату арқылы жаттатып, мағынасын түсіндіреді. <b>4-тапсырма.</b> Суретке қарап, отбасыңмен өз уақытыңды қалай өткізетініңді айт. Немен айналысқан ұнайды?</p> <p><b>3.Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Ата-анама арналған тосын сый» (Сәндік сурет) <b>Мақсаты:</b> Түрлі сызықтар көмегімен қарапайым сәндік өрнектерін және қазақ өрнектерінің түрлерін салу Педагог балалардан шеңберге тұруды сұрайды: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен өз достығымды сендерге жолдаймын, Педагог балалардан киім дизайнерінің кім екендігін біліп-білмейтіндігін сұрайды. Балалармен бірге дизайнердің немен айналысатынын талқылайды, оның әдемі киімдерді тігіп қана қоймай, оларды безендіретінін де нақтылайды. Балаларды дизайнерлік киім шеберханасына шақырады. «Қазақ киімдерінің көрсетілімі» бейнесюжетін көрсетеді Әңгіме жүргізеді: Қалыпты киім ұлттық киімнен несімен ерекшеленеді? Балаларды әр халықтың ұлттық киімдерінің болатындығын,</p>	<p>екінші аяқпен құм толтырылған қапшықты итере отырып алға жылжу – арақашықтық 3 метр. Нұсқау – табанды толық қоймай, табанның алдыңғы бөлігіне сүйене отырып серпу. Бір қатарға аралығы 1 метр қашықтықта орналастырылған кедергі заттар арасымен фитболды домалату.Нұсқау – допты саусақпен көп күш салмай итеру Шапалақтаған соң екі қолмен допты лақтыру және қағып алу. Нұсқау – допты алдына ұстап алға-жоғары лақтыру, шапалақтаған соң саусақтарды барынша жаза отырып допты қағып алу Еркін түрде қысқа секіртпемен секіру. Балаларға секіру ырғағы білек қозғалысы (айналмалы) мен аяқ қозғалысын (тік) үйлестіруге байланысты болатынын ескертеді Балалар білектерін «жуып», екі алақандарын қызғанша ысқылайды. Әрбір саусақтарын уқалап созады. Екі қолдың тырнақ үстін кезек үйкейді.</p> <p><b>3. Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Оқу құралдары хикаясы(ертегі) <b>Мақсаты:</b> Шағын мәтіндер, ертегілер, әңгімелердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Педагог балаларға жақсы көңіл күй туғызу мақсатында сиқырлы таяқшаны қолына алып, әр баланы түрлі ертегі кейіпкеріне айналдырады. Балалар бірбіріне ертегі кейіпкерлері атынан тілек айтады. Мысалы: – Мен Бауырсақпын, сендердің көңілді жүрулеріңе тілектеспін. – Мен Ханшайыммын, сендердің сыпайы болуларыңа тілектеспін.т.б. Балалар, сендер білесіңдер ме, ертегінің басқа жанрлардан айырмашылығы қандай? – Оның ерекшелігі құрастырылған ертегілер, авторлық ертегілер,</p>	<p><i>жанасады.)</i> Біз, біз, біз. (<i>Қалған төрт саусақ жанасады.)</i> Апа, апа, бұл сен бе? (<i>Бас бармақтар жанасады.)</i> Иә, иә, иә. (<i>Сұқ саусақтар жанасады.)</i> Әке, әке, бұл сен бе? (<i>Бас бармақтар жанасады.)</i> Иә, иә, иә. (<i>Аты жоқ саусақтар жанасады.)</i> Қарындасым, бұл сен бе? (<i>Шынашақтар жанасады.)</i> Барлығымыз біргеміз, иә, иә, иә. (<i>Барлық саусақтар жанасады)</i> <b>Апликацияны орындау технологиясы.</b> Педагог суретті құрастыру процесін, жапсырма жасау кезектілігін көрсету үшін тікелей үйрету әдісін қолданады. Жұмыстың кезектілігі тақтада барлық кезеңдері көрсетілген сызба түрінде бейнеленеді. Өрнектерді жасауға кірісуді ұсынады. Оюдың элементі – қайнар мен қошқармүйізге көңіл аудартады. Қайнар. Әзірлемені тігінен екіге бүктейді, оюдың үлгіқалыпты (педагог дайындаған) әзірлеме парақтың бүгілген жеріне қойыпүлгіқалыпты жай қарындашпен сызады. Ою контур бойынша қиып алынып, жазылады. Қошқармүйіз. Бүктеу сызығын жақсылап тегістей отырып, әзірлемені қатпарлап бүктейді. Оюды қойып, суреттің жартысын бүктеу сызығынан бастап жай қарындашпен бастырады. Шеткі сызық бойынша қиып алынады. Оюдың екі жағы да бірдей болуын қадағалайдыПедагог балалардың бөлшектерді бүлдірмей, дәл киюын қадағалайды. Қию сызығы бұдырсыз, анық болуы және қиған кезде қағазды ойып алмауға тырысуы қажет. Педагог оюдың шет сызықтарына абай болуларын ескертеді. Шет</p>	<p>сияқты құлап қалады Адамның негізгі дене мүшелері – бас, мойын, дене, қол және аяқ. Бұл дене мүшелерінің барлығы көптеген ұсақ және үлкен сүйектерден тұрады. Сүйектер адамның дене құрылысында маңызды рөл атқарады. Олар тірек қызметін атқарып, ішкі ағзаларды қорғайды. Бассүйек миды, қабырғалар өкпе, жүрек және басқа да ағзаларды қорғайды. – Қаңқа дегеніміз не? Балалар адам қаңқасының суретін қарайды. Адамның барлық сүйектері «қаңқа» деп аталады. Яғни, адам қаңқасы – адамның барлық ішкі ағзаларын сақтайтын мықты тірек. Тамақтанғанда, теледидар қарағанда, ҰОҚ-де отырғанда дене бітіміне әрдайым мән беріп, қадағалап жүру қажет. Балаларға арқақоржын ұстаған жөн. Ол омыртқаға түсетін күшті біркелкі етіп теңейді.</p> <p><b>3.В.к Логика әлемі</b> <b>Тақырыбы:</b> Сол жақтан – оң жақтан. <b>Мақсаты:</b> Оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.</p>
---	---	--	--	---

<p>көре білуге үйрету. Сұрақтар қойылады: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Ауа райы қандай? Жапырақтардың түсі қандай болады? Табиғат дегеніміз не? Адамдар қалай киінген? Құстар не істейді? Жыл мезгілдерінің айырмашылығы неде? (1-тапсырмадағы сурет бойынша жұмыс). Табиғат – біздің өміріміздің тірегі болып тұрған әсем дүние. Табиғат адам өмірінің барлық қажетін өтейтін болғандықтан, ол ешқашан ештеңемен ластанбауы тиіс. Табиғат тазалығын сақтайтын да, оны ластайтын да – адам. Әр адам табиғаттың қорғаушысы болу жолдарын іздестіруі керек. Табиғат – тіршілік көзі, біздің өмірімізде маңызды орын алатындығын түсіну. Табиғатты қорғау заңын тек үлкендер ғана емес, балалар да сақтауы тиіс. Балалардан күз мезгілінің ерекшелігін сұрау. Табиғаттың қаншалықты сұлу екенін көру үшін, түрлі түсті жапырақтардың сыбдырын есту үшін, көк шөптің, саңырауқұлақтың дымқыл иісін сезіну үшін күзгі серуенге шығу қажет. Табиғатта серуендеу арқылы</p>	<p>оларды өрнегі, киім стилі, бас киім формасына қарай анықтауға болатындығын түсінуге бағыттайды Дәстүрлі қазақ ұлттық киімі – бұл қалпақ (ерлердің бас киімі), сәукеле (қыздардың бас киімі), қамзол, көйлек, шапан және шалбар. Педагог әліппе-альбомды ашып, киімдерді қарауды және олардың атауларын бекітуді ұсынады. Кейіпкерлерге (ата-ана) мейрамға дайындалуға көмектеседі. <b>Сергіту сәті</b> Саусақтарымызды әрі-бері айналдырамыз. Бір, екі, үш, төрт, бес! Алақанымызды бір-біріне соғамыз. Бір, екі, үш, төрт, бес! Олар бізге еш өкпелемейді <b>Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы</b> Балалардан қылқалдамды қолда қалай дұрыс ұстау керектігін көрсетуді сұрайды. Бояулармен жұмыс барысындағы жеке гигиена ережелері туралы еске салады Педагог шығармашылық тапсырманы нақтылайды – таңдауына қарай әйел не ер адамның киімін безендіру. Балаларға сәндік суретті орындау алгоритмін түсіндіреді <b>4. Орыс тілі:</b> <b>Тема:</b> «Я и моя семья» <b>Цель:</b> Произносить и различать звуки в словах и фразах. Понимать значение часто повторяющихся слов по лексическим темам. <b>Вопросы:</b> кто это? (Это семья) что такое семья? (семья – это взрослые и дети, которые живут вместе, любят друг друга, помогают и заботятся друг о</p>	<p>халық ертегілері болады. Оқиғаның соңы жақсылықпен аяқталады. Ертегіде әрқашан қайырымдылық зұлымдықты жеңеді Енді біз «<b>Оқу құралдары хикаясы</b>» ертегісімен танысамыз. Ертегіні оқу. Мазмұны бойынша сұрақтар. – Ертегі ұнады ма? – Ертегідегі баланың ісәрекеті сендерге ұнады ма? Жанатбек биыл қайда барады? – Анасы ұлына қандай оқу құралдарын сатып әперді? – Жанатбек дәптерді не істеді? – Қалам, дәптерлер неге ренжісті? – Атасы немересін қайда апарды? – Кітап достарына қандай ақыл айтты? – Кітаптың айтқаны дұрыс па? <b>Сергіту сәті:</b> Біз мектепке барамыз, Қолға қалам аламыз. Кітапты да оқимыз, Суретті де саламыз. Сурет бойынша әңгіме. – Суретте анасы мен баласы не істеп тұр? – Бала дәптерге неге сурет салып жатыр? – Атасы мен немересі қайда бара жатыр? – Бала неге кітапқа қызыға қарады? – Оқиғаны толықтырып айт. – Оқу құралдарына не жатады? – Оқу құралдары не үшін қажет? 1. Жұбыңмен бірге сурет бойынша бірбіріңе сұрақ қойып, оған жауап беріңдер. <b>Жұмбақ</b> – адамның ойөрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Жұмбақ жанры дүниежүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар. Жұмбақтың шешуі болатын суретті тап. Сансыз ойлар бетінде</p>	<p>сызықты қиғанда оңнан солға қарай қиған оңай болатынын айтады. <b>қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері.</b> Педагог сабақ шеңберінде жұмыс орнын, құралдарды ретке келтіру керектігін еске салады. Желіммен жұмыс істеу ережесі: Желімді шағын мөлшерде шығар. Майлық пен жаққышты пайдалан. Көзге немесе киімге түскен кезде көп мөлшерде сумен жу <b>3.Дене шынықтыру</b> <b>2 Тақырыбы:</b> Қыздар мен ұлдар жарысы (Ауада) <b>(негізгі қимылдар)</b> Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта тұзу жүру түрлерін орындау. Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер ҰОҚ-да тапсырманы кім жылдам және кім жақсы орындайтынын тексеру: ұлдар ма, қыздар ма? Ұлдар мен қыздар арасында жарыс ұйымдастыру. <b>№ 1 тапсырма</b> «Кім зейінді?» Топ бойынша бір-бірінің артына, қатарынан тізбекке тізіліп тұру, шеңбер жасап тұру. Қыздар жеке, ұлдар жеке тізбекке тұру. Сөзбен, қажет болғанда қимылмен қай жаққа тұру көрсетіледі: педагогтің сол жағында қыздар, оң жағында ұлдар (керісінше), педагогтің алдында, артында. 2. Қатар тізбекке тұру. Балаларға тәртіп ережесін түсіндіреді, жарыс өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, жарыста арақашықтықты сақтауды еске салады – мәре сызығынан шеңберге дейін <b>№ 2 тапсырма.</b> <b>«Ең жылдам»</b> Бір қатарға арақашықтығы 70 см</p>	
---	--	--	---	--

<p>қоршаған ортаның таңғажайыптарын, жыл мезгілдерінің ерекшелігін байқап, түрлі табиғат құбылыстарының арасындағы байланыстарды ажыратуды үйренеді</p> <p><b>4.В К</b>  <b>Ойнаймыз,ойлаймыз</b>  <b>Тақырыбы:</b>  Біз нешеуміз?  <b>Мақсаты:</b>  Санауға үйретугесте сақтау қабілеттерін дамыту</p>	<p>друге.) Балапан хочет узнать, кто живет в вашей семье.(папа, мама, брат, сестренка, бабушка, бабушка) есть ли у вас братья, сестры, дедушки, бабушки? как можно назвать их всех одним словом? (семья). кто может быть членом семьи, чужие люди или только родственники? (только родственники) давайте поиграем и расскажем Балапану, кто чем занимается в семье <b>игра с мячом «Кто как трудится в вашей семье?»</b>. (договаривать: папа, мама, бабушка, дедушка, сестра, брат, я) ходит на работу шьет учит уроки готовит пищу ухаживает за цветами моет посуду играет читает мастерит <b>задание № 2.</b> <b>Послушайте диалог.</b> о чем говорят Серик и Берик? <b>Расскажите о своей семье.</b> Меня зовут...(полное имя). Мою маму зовут ...(полное имя). Моего папу зовут...(полное имя). Полное имя бабушек, дедушек, других членов семьи. <b>Динамическая пауза</b> «кто приехал?» (пальцы обеих рук складываются кончиками вместе) кто приехал? (большими пальцами) Мы, мы, мы (4-мя пальцами, кроме больших) Мама, мама, это ты? (большими пальцами) да, да, да (указательными пальцами) Папа, папа, это ты? (большими пальцами) да, да, да (средними пальцами) Братец, братец, это ты? (большими пальцами) да, да, да (безымянными пальцами) Ах, сестричка, это ты?</p>	<p>Сайрап жатыр бар тілде. Керекпін мен әр күнде, Өшпейді бір әрпім де. <i>(Kiman)</i> Тілі жоқ өзінде, сөзі бар ізінде. <i>(Қалам)</i> Қате жазып жаңылсаң, Тазалайды ол барын сап. <i>(Өшіргіш)</i> 2. Сөмкеге заттарды жинау. Тапсырманы үзік сызықтармен қосу. Салынған заттарды атау, оларды бір сөзбен қалай атаймыз? Артық заттарды ата. Олар не үшін қажет? Мақалды есіңе сақта! «Кітап – асыл дос». – Кітаптың суреттерін қарағанды жақсы көресіңдер ме? Мектепте сенің ең жақын досың кітап болады. Кітап жақсылыққа үйретеді, жамандықтан жирендіреді. Кітаптың әр беті тұнып тұрған ақыл. Кітап ақылшы, досың, серігің болып табылады. Кітаппен достассаң, білімді азамат боласың.</p> <p><b>4. Мүсіндеу (Заттық мүсіндеу.)</b>  <b>Тақырыбы:</b> Менің отбасым.  <b>Мақсаты:</b>Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты беру.  «Шаттық шеңбері»  Көтеріліп шаңырақ  Уықтары шаншылар  Керегелер керіліп,  Өрімдей боп өрілер  Бәріміз жүрсек айналып,  Киіз болып көрінер  -Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық?  -Ал, киіз үйде кім тұрады?  -Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?  Балалар, айналамызға қарасақ, көптеген үйлерді көреміз. Ол үйлерде кімдер тұрады деп ойлайсыңдар? -Иә, балалар, барлық үйдің отбасы болады олар бір бірімен тату тәтті тұрады. -Қане, балалар мен сендерге бір жұмбақ</p>	<p>аралықта қойылған кедергі заттар арасынан жүгіру.  <b>№ 3 тапсырма. «Ең пысық»</b>  Бір-бірінен 70 см аралықта орналасқан кедергі заттар арасымен қос аяқтап секіру.  Нұсқау – демді іште ұстамай, жеңіл секіру, сол жақ пен оң жақтағы кедергі заттардан айналып өтіп, өз тобына кері жүгіріп келу. Екі аяқтап бар пәрменмен секіруге, жерге аяқтың ұшымен түсуге назар аударады. <b>№ 4 тапсырма. «Ең епті»</b>  Бір қатарға аралығы 1 метр қашықтықта орналастырылған кедергі заттар арасымен фитболды домалату.  Нұсқау – фитболды қатты күш салмай саусақтармен алға домалату. Кедергі заттарды құлатпаған топ жеңіске жетеді.  <b>№ 5 тапсырма</b>  Топтарға қатардағы кедергі заттардан мұнара құрастыру тапсырылады. Топтың бірінші ойыншысы қозғалыс сызығына жақын затты алып, қалғанын жылан жүріспен айналып өтеді де, затты шеңберге қояды. <b>№ 6 тапсырма. тік нысананы (мұнараны) көздеу</b> (арақашықтығы – 4 м.)Оң және сол қолмен лақтырғанда денені дұрыс ұстауға көңіл бөлінеді. Лақтыру техникасына назар аударылады – алдымен қолды айналдыра төмен, содан кейін артқа қолды толық жазылғанша серпиді.</p> <p><b>5.В.к. Ұлттық ойындар</b></p>
---	---	--	--

		<p>(большими пальцами) да, да, да (мизинцами) все мы вместе, да, да, да! (всеми пальцами).</p> <p>вот и вся моя семья. (Хлопают в ладоши.) <b>задание № 3.</b> составь портрет семьи по своей ладош - ке. Подумай и обыграй потешку.</p> <p><b>задание № 4.</b> кто чем занимается в семье? Соедини линией.</p> <p><b>задание № 5.</b> Продолжи ряд. сегодня мы с вами узнали, что семья это взрослые и дети, которые живут вместе, любят друг друга и заботятся друг о друге. когда вы все вместе, вам всем очень весело и комфортно. Я очень хочу, чтобы в ваших семьях были теплые дружеские отношения <b>Чтение отрывка из песни «Моя семья».</b></p> <p>(Муз. и сл. А. ермолова)</p> <p>Будет день счастливый и чудесный самый,если рядом будут папа и мама.Буду я веселой, буду очень рада, если будут рядом сестренка с братом.А еще я буду бесконечно радаесли дедушка и бабушка рядом.Ну а больше всех буду рада я,если будет рядом вся моя семья</p>	<p>жасырайын, шешуін тауып көрейік.</p> <p>Жұмбақ</p> <p>Онсыз қызық жоқ маған, онсыз бақыт жоқ маған</p> <p>Ол әр баланың панасы, ол не екен, балалар?</p> <p>-Міне балалар, бұл жұмбақтың шешуі отбасы екен.</p> <p>Отбасы</p> <p>Бұл суретте кімдердің суретін көріп тұрсыңдар?</p> <p>-Иә бұл суретте сүйіспеншілігі мол, бір-біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз. Топқа есік қағылып әже кіреді. Балалармен амандасып, осы топта отбасы туралы сабақ болатынын естіп кепті. Иә, сендердің әрқайсыларының өз отбасыларын: мама, папа, ата, апаларың бар. Сендер оларды жақсы көресіңдерме? Балалар біз өзімізге қандай адамдарды жақын адамдар дейміз? Иә, дұрыс айтасыңдар сендерге ең жақын адамдар ол отбасы мүшелері. Олар сендерге үнемі қарайласып сендерге көмектеседі. Қане, біріміз өз отбасымыз туралы өз отбасымыздың суреттері бойынша айтайық.</p> <p>- Отбасында неше адам?</p> <p>- Олардың әрқайсысы туралы айтыңдар ( қайда жұмыс істейді, оқиды)</p> <p>- Сен өз отбасыңды неге неліктен жақсы көресің?</p> <p>Сергіту сәті</p> <p><b>Ойын:</b> «Күн мен бұлт»</p> <p>Шарты: сендердің араларында Ата, әже, мама, папа Иә, жақсы көреміз.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>- Балалар, енді осы отбасымызды мүсіндейік. Ол үшін алдымыздағы ермексазды алып мүсіндейік.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b></p> <p>«Ақсерек-көксерек»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Балалармен ойын сөздерін жаттау. Ойының шартымен таныстыра отырып балаларды шапшандыққа,достыққа тәрбиелеу.</p>	
<p><b>Алақай ойын!</b></p> <p><b>Сюжетті рөлдік ,</b></p>	<p><b>Д/О Мынау қай пішін?</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Геометриялық пішінді сипалап анықтау</p>	<p><b>Д/О «Не қайда тұрады?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b></p> <p><b>«Қаздар»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың музыкалық</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b></p> <p><b>«Қасқырлар мен лақтар»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b></p> <p><b>«Ақ қоян»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды</p>

<b>қимылдық және дидактикалық ойындар</b>	арқылы айта білу.	дамыту	есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.	жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.
<b>« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек</b>	<b>Серуен №1</b> <b>Емдік шөптерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> - мектеп ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту. Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру	<b>Серуен №2</b> <b>Күз көрністерін бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.	<b>Серуен №3</b> <b>Тастарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.	<b>Серуен №4</b> <b>Жапырақтардың түсуін бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру.	<b>Серуен №5</b> <b>Гүлзарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Сурет салудың қарапайым техникасын жетілдіруді жалғастыру	Жазу жаттығулары	Бейнелеу тәсілдері бойынша түсініктерін қалыптастыру	10 көлеміндегі сандарды біледі оларды тура және кері санайды	Жазу жаттығулары
<b>Балалардың үйге қайтуы.</b>	Балаларының оқу іс-әрекетіне көңіл бөлу.	Ата- анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту.	Өткен әріптерді қайталату.	Ата- аналармен сұхбат. «Тәні саудың- жаны сау»	Өлең, такпақтар жаттау.